

**«Бекітілді»**  
«Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС  
Қадағалау кеңесінің шешімімен  
2022 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ хаттама

**«Мақұлданды»**  
«Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС  
Басқармасының шешімімен  
2022 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ хаттама

**«Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС**  
**2021 жылғы**  
**Жылдық есептемесі**

## МАЗМҰНЫ

БАСШЫЛЫҚ ҮНДЕУІ.....	2
"ҚАЗТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ" ҰТҚҚК" ЖШС ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ ТУРАЛЫ... 4	4
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ.....	4
ҚТКФ САНМЕН.....	6
КОМПАНИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ.....	6
ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ .....	9
КОМПАНИЯ МЕН ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ	
МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ.....	9
ҚҰҚЫҚТЫҚ ШАРТТАР ЖӘНЕ РЕТТЕУ .....	10
КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ БАСЫМДЫҚ БАҒЫТТАРЫ..	11
БИЗНЕС ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ .....	14
ҚТКФ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ .....	17
САЛАНЫҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ .....	17
ҚТКФ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ .....	18
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	19
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ .....	20
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ .....	25
АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР .....	31
ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ .....	32
ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА МҮШЕЛІК .....	33
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ.....	34

## «ҚАЗТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ» ҰТКҚК» ЖШС ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ М.К. ОРМАНОВТЫҢ ҮНДЕУІ



### Құрметті әріптестер мен достар!

2021 жыл өткен жылдағыдай пандемия белгісімен өтті, бұл бүкіл әлемдегі экономикаға, саясатқа және әлеуметтік қарым қатынасқа тікелей септігін тигізді, соның ішінде біздің елде де осындай қиын жағдайда командалық жұмыстың төзімділігі мен тиімділігіне тексеріс болды.

Теңіз арқылы тасымалдау Қазақстандағы ең қарқын және тұрақты дамып жатқан сала болып қала береді.

ҚТКФ 2021 жылы жұмысы компания өзінің негізгі стратегиялық мақсатын сәтті жалғастырғанын көрсетті, атап айтқанда Каспий теңізінде, Қара және Жерорта теңіздерінде жетекші

жеткізуші компаниялардың бірі болып табылатын позициясын әрі қарай дамыту және күшейту. Бұл ҚТКФ әртараптандыруға, жаңа жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмыстарды жалғастыруға, компанияның тұрақты өсуіне және оның капиталдандыруына мүмкіндік берді.

Бұл ҚТКФ әртараптандыруға, жаңа жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмыстарды жалғастыруға, компанияның тұрақты өсуіне және оның капиталдандыруына мүмкіндік берді.

ҚТКФ 2021 жылғы жетістіктері мен табыстары – толығымен барлық ұжымның еңбегінің арқасы, олар өздерінің кәсіби деңгейі және жаңа экономикалық жағдайда тиімді жұмыс істеу шеберлігін бірнеше рет дәлелдеді. ҚТКФ акционер, серіктестер және жүк жөнелтушілер алдында алған міндеттемелерді орындауға ғана емес, сонымен қатар ел экономикасының дамуына, Қазақстан халқының әл-ауқатына, мемлекеттің орнықты дамуына және әлемдік қоғамдастық алдында Қазақстанның оң және жоғары бәсекеге қабілетті имиджін қалыптастыруға жәрдемдесе отырып, Қазақстанның теңіз тасымалының дамуына елеулі ықпал етуге барлық күш-жігерін жұмсайды.

Сондай-ақ, компанияның тек өндірістік көрсеткіштерге ғана емес, корпоративтік жауапкершілік стандарттарының жоғары деңгейіне де бағдарланғанын атап өткім келеді. Бұл ұстаным ұжымдық және әлеуметтік жауапкершілік компанияның ұзақ мерзімге тұрақтылығын сақтауының маңызды құралы болып табылатын түсінікке негізделген.

Есепті жылдың жетістіктері Компанияда одан әрі тұрақты өсу және біздің барлық мақсаттарымызға ерекшеліксіз қол жеткізу үшін барлық қажетті алғышарттардың бар екенін көрсетеді. Алдағы уақытта да біз өз қызметімізде ең жоғары өндірістік, экологиялық және әлеуметтік стандарттарды сақтай отырып, ел мен акционеріміздің игілігі үшін тиімді жұмыс істеуді жалғастырамыз..

## «ҚАЗТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ» ҰТКҚК» ЖШС БАС ДИРЕКТОРЫ (БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ) А.Е.ОРЖАНОВТЫҢ ҮНДЕУІ



### Құрметті әріптестер және достар!

Коронавирустық пандемияның жалғасуына байланысты, 2021 жыл бүкіл отандық теңіз тасымалы саласы үшін, атап айтқанда, ҚТКФ үшін жаһандық шақырудың жылы болды.

Есепті 2021 жыл - Компания қызметінің дамуының негізгі бағыттарын растады. ҚТКФ құрылғаннан бастап нарықтың жаңа жағдайында қалыптасуға дейінгі күрделі жолдан өтті. Біз соңғы жылдары алға қойған белгілі бір мақсаттарға қол жеткіздік. Бұл жоспарлы жұмыстың нәтижесі, бірақ сонымен бірге компанияның әлсіз және күшті жақтарын талдауға, компанияны да, жалпы саланы да дамытудың жаңа оңтайлы жолдарын іздеуге себеп болады.

ҚТКФ бүгінгі позициясы Каспий теңізіндегі теңіз тасымалдау нарығында өте берік, компанияның бүгінгі жеткен жетістіктерінің арқасында халықаралық теңіз тасымалдау нарығында қатысушы ретінде маңызды позицияны қабылдауға мүмкіндік береді.

2021 жылы ҚТКФ бизнесті кеңейту жоспарларын орындауға бағытталған қадамдарды дәйекті және сәтті жүзеге асыруды жалғастырды. 2021 жылғы наурызда «Барыс» кемесін контейнерлік кемеге модернизациялау және қайта жаңарту аяқталды, ол бұрын арнайы көпфункционалы кеме болып табылатын. Қазіргі уақытта кеменің максималды мүмкін болатын жүк көтергіштігі 350 жиырма футтық немесе 175 қырық футтық контейнерге дейін жетеді. 2021 жылғы 7 наурызда «Барыс» кемесі Ақтау-Баку бағыты бойынша ТХКБ шеңберінде алғашқы сапарына шықты.

Өткен 2021 жылы Кемелерді апатсыз пайдалану қамтамасыз етілді, мұнайдың төгілуіне жол берілмеді. Компания экипаждары мен жағалау қызметкерлерінің әлеуметтік тұрақтылығын сақтау және әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде. Теңіз көлігі қызметтері нарығының әлеуеті және оның ел экономикасы үшін маңыздылығы компанияға ел мен біздің акционеріміздің игілігі үшін бұдан да өршіл мақсаттар қоюға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

"Қазтеңізкөлікфлоты "ҰТКҚК" ЖШС Басқармасы атынан Жалғыз қатысушыға, серіктестерге қолдау және сенімділік көрсеткені үшін ризашылық білдіреді. Біздің кемелердің экипаждарына, жағалау қызметкерлеріне 2021 жылы кәсіби шеберлігі мен адал жұмысы үшін ерекше алғыс айтамын.

## **«ҚАЗТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ» ҰЛТТЫҚ ТЕҢІЗ КЕМЕ ҚАТЫНАСЫ КОМПАНИЯСЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ ТУРАЛЫ**

«Қазақтеңізөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС, ҚТКФ, Компания, Серіктестік) айқындықтың жоғары стандарттарын ұстана отырып, өз қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты, сондай-ақ Жылдық есептемені (бұдан әрі – Есептеме) ұдайы ашық көздерде жария етеді.

Есептеменің мақсаты – мүдделі тұлғаларға Компанияның миссиясы, стратегиясы, корпоративтік басқару жүйесі, өндірістік және қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы хабардар ету.

2021 жылғы Жылдық есептеме ҚТКФ қызметінің барлық жақтарын кешенді ашып көрсетеді: ол негізгі өндірістік және қаржы-экономикалық көрсеткіштер, Компанияның маңызды оқиғалары мен жетістіктері, іске асырылған және жоспарланып отырған инвестициялық жобалар, қызмет нәтижелеріне баға беру, саланы дамыту келешегі, қауіпсіздік, корпоративтік басқару мәселелері, тәуекелді басқару жүйесі, Компания меншігінің құрылымы, қауіпсіздікті басқару жүйесі, қоршаған ортаны, еңбекті және техника қауіпсіздігін қорғау, кадрлық мәселелер, жастар саясаты, әлеуметтік жауапкершілік. Ұсынылған аудиторлық қорытынды «Эрнс энд Янг» ЖШС берілді.

### **КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**

ҚТКФ Ұлттық теңіз тасымалдаушысы болып табылады. ҚТКФ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі №462 Қаулысымен Қазақстан Республикасының Ұлттық теңіз тасымалдаушысы мәртебесі белгіленді.

#### **ҚТКФ миссиясы:**

- флотты қауіпсіз және сенімді пайдалану;
- ұлттық теңіз сауда флотын және сервистік флотты дамыту;
- Каспий маңы елдері сияқты одан тысқары аумақтарда теңіз тасымалының рентабельдігін арттыру.

#### **ҚТКФ стратегиялық міндеттері:**

- теңіз тасымалы мен көмірсутек шикізатын теңізде барлауда мемлекеттік қатысу үлесін ұлғайту;
- сауда мақсатында теңізде жүзу саласында мемлекеттік бірыңғай саясатты қалыптастыру;
- сауда мақсатында теңізде жүзу саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

#### **Пайымдауы:**

**ҚТКФ** – жоғары тиімді, бәсекеге қабілетті, кеме қауіпсіздігінің неғұрлым жоғары халықаралық стандарттарына сәйкес келетін халықаралық біріктірілген кеме компаниясы.


**ҚТКФ** – қазақстандық және шетелдік серіктестерге ұсынылатын қызметтердің сенімді жеткізушісі. Бүгінде компанияға ірі, Қазақстан Республикасында заманауи флот бірліктері болып саналатын танкерлер, сүйреткіштер, ірі көлемді жүктерді тасымалдауға арналған кемелер және түрлі мақсаттарда көзделген баржалар тиісті.

## **ҚТКФ қызметінің түрлері:**

- жүктердің бүкіл түрлерін, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін, басты жүктерді, контейнерлерді, жолаушыларды, жануарларды тасымалдау;
- мұнайды тасымалдау – Компания ұсынатын негізгі қызмет түрі. ҚТКФ өзінің негізгі компаниясы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының қолдауымен Каспий теңізінің акваториясында мұнайды танкерлермен тасымалдау қызметтерін ұсынады және Қара және Жерорта теңіздері арқылы мұнай жеткізілімін жүргізу мүмкіндігіне ие болады;
  - сервистік флот қызметтерін ұсыну;
  - мұнайдың апаттық төгілуін жою бойынша қызмет көрсету;
  - кемелердің бүкіл түрлерінің, баржалардың, жүзетін доктардың және осы секілдінің, олардың қозғалтқыштары мен бөлшектерінің, қосалқы құрылғыларының және бөлшектерімен қоса жабдықтарының құрылысы, пайдалануы, жөндеу, сатып алу, делдалдық қызметтерді ұсыну;
  - кемелерді жалға беру (кеме жалдау, соның ішінде кемені экипажсыз жалдау), сондай-ақ кеме лизингі;
  - бүкіл қойма, сақтау орындары, тоназытқыш қондырғылары, ангарлар, жағалаулық тиеу-түсіру және басқадай жабдық түрлерінің құрылысын салу, пайдалану және сатып алу;
  - отынның бүкіл түрлерін, майлау майларын, көмірді, газолінді және басқадай отын мен материал түрлерін сатып алу, сату;
  - кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінің құрылысы (кеме жасау және кеме жөндеу базалары), кеме жасау және кемелерді жөндеу;
  - сүйрету жұмыстары;
  - теңіз агентінің қызметтері;
  - теңіз брокерінің қызметтері;
  - стивидорлық және экспедиторлық қызметтер;
  - кедендік, салық заңнамасы, теңіз тасымалы бойынша сараптама-импорттық операциялар бойынша кәсіби консалтинг;
  - кеме жасау, кеме жөндеу базасының, кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінің, жағалаулық құрылыстардың құрылысы жөніндегі жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу;
  - кәсіби мамандарды және т.б. даярлау;
  - ҚТКФ меншіктену құқығымен тиісті болатын жылжымайтын мүлік объектілерінде кеңсе орын-жайларын жалдау бойынша қызметтер;
  - апаттық-құтқару қызметтерін ұсыну;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру.

## **ҚТКФ САНМЕН**

### *Мұнай тасымалдаудың өсу тарихы*



ҚТКФ құрылған сәттен бастап 1998 жылдан 2021 жылға дейін мұнай тасымалдаудың жалпы көлемі 168 млн тоннаны құрайды, оның ішінде:

Каспий теңізі – 103,7 млн тонна мұнай;

Ашық теңіздер – 64,5 млн тонна мұнай.

*Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша контейнерлерді тасымалдау*



2019 жыл - 8 382 ЖФЭ;

2020 жыл - 12 434 ЖФЭ;

2021 жыл - 17 722 ЖФЭ.

## КОМПАНИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

### Наурыз

2021 жылдың 4-6 наурыз аралығында "Астана" және "Алматы" танкерлері бербоут-чартерден шығарылып, кейіннен "Eurasian Trading And Shipping" FZC компаниясының тайм-чартеріне берілді.

2021 жылғы 6 наурызында "Барыс" көпфункционалды қосалқы кемесін контейнер тасушы ретінде жаңғыртуы мен қайта жабдықтауы аяқталды.

2021 жылғы 7 наурызында "Барыс" кемесі Ақтау-Баку бағыты бойынша ТХКБ шеңберінде бірінші рейске шықты.

2021 жылғы 16-17 наурызында ҚТКФ Ыстамбұл қаласында "Транскаспий халықаралық Көлік Бағдарын" дамыту жөніндегі жұмыс тобының отырысына қатысты.

2021 жылғы 31 наурызында "KTZ Express Shipping" ЖШС компаниясымен құрғақ жүктерді ҚТКФ меншігіне беру туралы келісім жасалды.

### **Мамыр**

2021 жылдың 15 мамырынан бастап ҚТКФ "Қашаған" жобасында теңіз арналарын тереңдету жұмыстарына тартылды. North Caspian Operating Company N.V. жоба аясында Қашағанда түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу үшін ҚТКФ «Ырғыз», «Талас», «Ембі» теңіз буксирлерін және қосалқы жұмыстар үшін «Оазис» қалқымалы қонақ үйін берді.

### **Маусым**

2021 жылдың 15 маусымында ҚТКФ қолданыстағы Қауіпсіздікті басқару жүйесінің Халықаралық қауіпсіздікті басқару кодексінің талаптарына сәйкестігін растау мақсатында Ресей теңіз кеме қатынасы тіркелімі классификациялық қоғамының жыл сайынғы сараптамасынан өтті.

26 маусымда Қашаған кен орнындағы түбін тереңдету жұмыстары бойынша North Caspian Operating Company N. V жобасына «Оазис» қалқымалы қонақ үйі енгізілді. Сонымен қатар ҚТКФ тартқыштарды және «Оазисті» 2022 жылдың соңына дейін жоба аяқталғанға дейінгі мерзімге берді.

### **Шілде**

2021 жылдың 26 шілдесі мен 28 шілдесі аралығында ҚТКФ-нің «Бүркіт» кемесі отандық «Время Патриотов» көркем фильмінің түсіріліміне қатысуда. Фильм 2022 жылы шығады деп күтілуде.

### **Тамыз**

2021 жылдың 4 тамызында ҚТКФ 04.07.2017 жылғы Muwsufa Fi Thima Иджар келісімі аясында "Al Hilal "Ислам Банкі"АҚ алдындағы барлық міндеттемелерін орындады.

4-5 тамызда Киев қаласында ҚТКФ "Транскаспий халықаралық Көлік Бағдарын" дамыту жөніндегі жұмыс тобының отырысына қатысты.

### **Қыркүйек**

2021 жылғы 9 қыркүйекте ҚМГ Директорлар кеңесі «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС жаңа редакциядағы Жарғысын бекітті.

2021 жылғы 9 қыркүйекте ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқармасының келісімі бойынша Айдар Есенжанұлы Оржанов «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК»ЖШС бас директоры болып қайта тағайындалды.

2021 жылдың 21 қыркүйегінде Санкт-Петербургтегі «Нева 2021» халықаралық көрмесі аясында ҚТКФ және «Біріккен кеме жасау корпорациясы» АҚ кеме жасау және кеме жөндеу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

2021 жылғы 24 қыркүйекте Баку қаласында ҚТКФ және «ADY Container» ЖШҚ арасында «Баку – Түркменбашы – Баку» бағыты бойынша контейнерлерді тасымалдау туралы Бас келісімге қол қойылды.

### **Қазан**



3 қазанда Баку портында «Түркістан» құрғақ жүк кемесі «ADY Container» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тайм-чартеріне беріліп, контейнерлерді тасымалдауды бастады.

2021 жылғы 7 қазанда ҚТКФ Инвестициялық комиссиясының №01 хаттамасымен «Контейнер таситын «Сұңқар» MCV кемесін жаңғырту» жобасын іске асыру мәселесі мақұлданды.

### **Қараша**

1-2 қарашада "Жібек Жолы" құрғақ жүгі "ЕАСК" компаниясының бербоут-чартерден қайтарылып, "ҚТЖ Экспресс Шиппинг" ЖШС иесіне берілді.

Қараша айының ортасында "Ырғыз", "Талас", "Ембі" буксирлері және "Оазис" қалқымалы қонақ үйі навигациялық маусымның аяқталуына байланысты Қашаған кен орнындағы түбін тереңдету жұмыстары бойынша North Caspian Operating Company N.V. жобасынан сәтті шығарылды. 2022 жылдың наурыз-сәуір айларында түбін тереңдету бойынша жобаның соңғы кезеңін басталуы жоспарлануда.

2021 жылғы 18 қарашада Абу-Даби қаласында ҚТКФ мен Abu Dhabi Ports компаниясы арасында Каспий теңізіндегі теңіз және оффшорлық қызметтер саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды.

- Қашаған кен орнына қызмет көрсету жөніндегі жобаларға қатысу мақсатында шетелдік стратегиялық әріптеспен бірлескен кәсіпорын құру;


- ҚТКФ логистикалық теңіз операторы ретінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының синергиясы аясында ірі мұнай-газ жобаларына қатысуы;

- Ірі тонналы флотты ұлғайту, Ашық теңіздердегі бизнес географиясын кеңейту;

- Каспий теңізінде контейнерлік тасымалдарды дамыту үшін флотты кеңейту.

### **ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ**

2021 жылы ҚТКФ жалпы штат саны 2019 жылғы 25 маусымда «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген ұйымдық құрылымға сәйкес 143 бірлікті құрады.



## КОМПАНИЯ МЕН ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДҮЙЫМДАРЫНЫҢ МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ

ҚТКФ тобының құрамына «Kazmortransflot Ltd.» (Мэн а.), «Kazmortransflot UK Ltd.» (Ұлыбритания), «Altai Shipping Ltd» (Маршалл Аралдары) және «Alatau Shipping Ltd» (Маршалл аралдары) 100% еншілес ұйымдары кіреді.

### Компания активтерінің құрылымы туралы қысқаша ақпарат

№ кесте

№	ҚТКФ құрылымындағы ұйымның атауы	Үлесі	Консолидацияға кіреді	Шоғырландыру әдісі (толық, пропорционалды, үлестік қатысу, құны)
1	Kazmortransflot Ltd	100%	иә	ТОЛЫҚ
2	Kazmortransflot UK Ltd	100%	иә	ТОЛЫҚ
3	Altai Shipping Ltd	100%	иә	ТОЛЫҚ
4	Alatau Shipping Ltd	100%	иә	ТОЛЫҚ

### ҚТКФ активтері құрылымының құрамына кіреді:

#### 1) сауда флоты:

- дедвейті 12 000 тонна «Астана», «Алматы» және «ТК Ақтау» мұнай құю танкерлері;

- әрқайсысы 115 000 тоннаға дейін дедвейтпен «Афрамакс» - «Алтай» және «Алатау» типті ірі тоннажды мұнай құю танкерлері.

#### 2) теңіз операцияларын қолдау флоты:

- «EMBA», «TALAS», «IRGIZ» буксирлері;

- жүк көтергіштігі 3 600 тонна КМГ сериялы барж-алаңдар: «КМГ-105», «КМГ-106», «КМГ-107», «КМГ-108».

- MCV «Berkut», «Sunkar» мамандандырылған кемелері;

- «Barys» контейнер тасығышы

#### 3) басқа объектілер:

- Ақтау қаласындағы әкімшілік ғимарат, 14 ш/а, 70 ғимарат.

## **ҚҰҚЫҚТЫҚ ШАРТТАР ЖӘНЕ РЕТТЕУ**

Қазақстан Республикасының теңіз сауда флотының жұмыс істеуі көбінесе тасымалдау процесіне барлық қатысушылардың қарым-қатынастарын, сондай-ақ сауда кемелері саласындағы халықаралық ынтымақтастықты реттейтін нормативтік құқықтық базаны құруға және үйлестіруге байланысты.

ҚТКФ өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Қосылған мемлекетаралық шарттар мен келісімдердің ережелерін, ІМО халықаралық конвенцияларын (халықаралық теңіз ұйымы) басшылыққа алады, атап айтқанда:

1. Халықаралық теңіз ұйымы туралы Конвенция, 1948 ж.;
2. Жүк маркасы туралы халықаралық Конвенция, 1966 ж.;
3. Кемелерді өлшеу жөніндегі халықаралық Конвенция, 1969 ж.;
4. Теңізде кемелердің соқтығысуының алдын алудың халықаралық ережелері туралы Конвенция, 1972 ж.;
5. Кемелерден ластанудың алдын алу жөніндегі халықаралық Конвенция, 1973 ж.;
6. Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық Конвенция, 1974 ж.;
7. Теңізшілерді даярлау мен дипломдау және вахта жұмысын атқару туралы халықаралық Конвенция, 1978 ж.;
8. Қауіпсіз Контейнерлер жөніндегі халықаралық Конвенция, 1972 ж.;
9. Мұнаймен ластанудан келтірілген залал үшін азаматтық жауапкершілік туралы халықаралық Конвенция, 1969 ж.;
10. Қауіпсіздікті басқарудың халықаралық кодексі, 1993 ж.;
11. Кемелер мен порт құралдарын қорғау жөніндегі халықаралық кодекс, 2002ж.;
12. Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенция, 2003 ж.;
13. «Жүктерді теңіз арқылы тасымалдау туралы», 1978ж.;
14. Теңізшілердің жеке куәліктері туралы халықаралық еңбек ұйымының № 185 конвенциясы, 2003ж.;
15. Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының арасындағы теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім, 2007ж.;
16. Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы мұнайды Қазақстан Республикасынан Каспий теңізі және Әзірбайжан Республикасының аумағы арқылы Баку-Тбилиси-Джейхан жүйесі арқылы халықаралық нарықтарға тасымалдауға жәрдемдесу және қолдау жөніндегі шарт, 2006 ж.;
17. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы теңіз сауда кеме қатынасы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім, 2011 ж.;
18. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметінің арасындағы теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім, 2014 ж.;
19. Еуразиялық экономикалық одақ елдері арасындағы кеме қатынасы туралы келісім, 2019ж.

## КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ БАСЫМДЫҚ БАҒЫТТАРЫ

ҚТКФ Қадағалау кеңесі 2014 жылдың 25 қыркүйегінде бекіткен ҚТКФ Стратегиясы тұрақты сапалы өсуге қол жеткізуге бағытталған.

ҚТКФ-нің негізгі стратегиялық мақсаты – Жалғыз қатысушының талаптарын қанағаттандыратын Компания құнын барынша арттыру.

ҚТКФ Стратегиясы Каспий теңізі мен ашық теңіздерде мұнай және мұнай өнімдерін отандық теңіз сауда тасымалын дамыту бойынша стратегиялық міндеттерді шешуге, сонымен қатар қайран орындарда қызмет көрсету үшін қызмет көрсету флотын кеңейту және бекітуге бағытталған.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жету факторларының бірі Ұлттық флоттың дамуы, және оның ағымдағы тактикалық мұқтаждықтарына мезгілінде жаңаруы, сонымен қатар басқа ұйымдардан кеме және жүк тасымалдауына экспорт немесе сұраныстың жеткілікті көлемінің бар болуы жағдайында флоттың сәйкесті кеңеюі болып табылады.

ҚТКФ өткен кезеңде дамудың жаңа бағыттарын іздестіру бойынша жұмысты жалғастырды, оның ішінде Ақтау – Баку бағытында жұмыс істейтін контейнер тасушы (Барыс кемесі) пайдалануға енгізілді. Келесі кезең – контейнер тасушының екінші және үшінші (Сұңқар және Бүркіт кемелері) кемелерін қолданысқа енгізу. Кепілдірілген көлемдердің бар болуы жағдайында жаңа ауыр тонналы кемелерді құрастыру немесе сатып алу есебінен ашық теңіздерде мұнай тасымалының көлемін үлкейту бойынша ҚТКФ қызметін кеңейту нұсқалары қарастырылуда.

ҚТКФ стратегиясы 2021 жылы келесі мақсаттарға қол жеткізуге қызмет етті:

- 1) Көрсетілетін қызметтер сапасын жоғарылату негізінде жүктердің теңіз сауда жолымен қозғалысын жылдамдату;
- 2) Сапалы теңіз сауда көліктік қызметтерінің қол жетімділігін арттыру;
- 3) Қазақстанның теңіз сауда көліктік жүйесінің бәсекеге жарамдылығын жоғарылату;
- 4) Теңіз сауда көлігінде оқиғаларды болдырмау мақсатында кешенді қауіпсіздік пен теңіз сауда көліктік жүйесінің тұрақтылығын жоғарылату;
- 5) Теңіз сауда көліктік кешенінің негізгі капиталына инвестицияларды жұмылдыру.

ҚТКФ қызметтер топтамасын толық жасайды, оның ішінде тәуелсіз сюрвей ұйымын қатыстырып тұрақты сюрвей (кемеге жүктелген жүктің сапасы мен санын тексеру), демередж есебі (кеме иесінің кінәсімен емес кемелінің жұмыссыз тұруы жағдайында бар болуы кезінде), порттарда агент қызметін көрсету және т.б.

Каспий және ашық теңіздерде әртүрлі бағыттар бойынша жүк тасымалын жүзеге асыру кезінде өз қызметінің барлық кезеңінде ҚТКФ кемелері адамдардың өмірі, денсаулығы үшін теріс салдарын көрсететін немесе қоршаған ортаны ластауға әкеп соғатын бірде бір төтенше оқиғаға жол берген жоқ.

ҚТКФ басқаратын кемелер Chevron және лондондық кеңесшінің келесі инспекцияларынан өтті: «Жағдайы мен жарамдылығын тексеру», «Экология, еңбек қатынастары, әлеуметтік сала», «Теңіз операцияларының жоғары сапасы». Барлық тексерістерден жақсы өтті.

ҚТКФ 2020 жылы Chevron (JOVA) сертификациясын ең жоғарғы баллмен өтті.

ҚТКФ жетекші мұнайгаз компаниялармен сапалы және ескертусіз жұмыс жасайды, оның ішінде: BP Shipping Ltd, Chartering and Shipping Services S.A., Chevron Tankers Ltd, Clearlake Shipping Pte Ltd, Cotunav, ENI Trading and Shipping SpA, KMG Trading AG, Kuwait Petroleum Corporation, Litasco SA, OMV Supply and Trading AG of ZUG, Petraco Oil Company Ltd, Petroineos Trading, PHILLIPS 66 LIMITED, SAMIR, SARAS SPA, SOCAR, ST Shipping, Standard Tankers LLC, TRAFIGURA MARITIME LOGISTICS PTE LTD, Transway, Unipac ASIA Company Ltd, URSA, Vitol SA.

ҚТКФ-нің бүкіл әлем бойынша кеме тасымалы брокерлерінің кең базасы бар, ол спот-нарығында ҚТКФ-ның жағымды жұмысына ықпал етеді. Брокерлермен жұмыс тәжірибесі келесі танымал аттарға ие: Clarksons, HOWE ROBINSON PARTNERS PTE LTD, Affinity Tankers LLP, Barnet Marine Inc, Brassington Chartering, Bravo Tankers, Burke& Novi, Campanella Shipping Ltd, Damina Shipping Corporation, Eastern Mediterranean Maritime Limited, Ferrotank SRI, Gibson Shipping Energy, Italia C. & A. SRI, Magdalena Navigation Corporation, Oceanside Shipping Ltd, Rialto Navigation SA, Sempreviva Shipping Limited, Sovereign Shipbrokers.

ҚТКФ өзін Ұлттық теңіз операторы – келесі қызметтерді жеткізуші ретінде көрсетеді:

- Каспий теңізінде құйылмалы мұнай жүктерін тасымалдау;
- ашық теңіздерде мұнай құю жүктерін тасымалдау;
- теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету бойынша флот қызметтері;
- басқа жүк контейнерлерін тасымалдау;
- мұнайдың апаттық төгілуін жою бойынша қызметтер.

### ***Компания қызметінің басым бағыттары:***

#### **1) Құйылатын мұнай жүктерін Каспий теңізінде тасымалдау**

Каспий теңізінде мұнай құю жүктерін тасымалдау секторындағы ҚТКФ стратегиясы Ақтау порты арқылы қазақстандық мұнай құю жүктерінің экспорттық ағындарын тасымалдау үлесін 100% - ға дейін ұлғайту және қауіпсіз, сенімді және экономикалық тиімді қызметтерді қамтамасыз ету, мұнай құю жүктерін тасымалдау қызметтерін көрсетуден түсетін таза табысты ұлғайту жолымен ҚТКФ үшін Каспийдегі танкерлік флоттың жетекші операторларының бірі ұстанымын сақтауға бағытталған.

ҚТКФ алға қойылған мақсатқа тиімді қол жеткізу үшін келесі іс-шараларды жоспарлы түрде жүзеге асыруға ниетті:

- Ақтау-Махачкала бағыты бойынша мұнай тасымалын сақтау (қолданыстағы ҚТКФ флотын іске қосу);
- мұнайды өндіру мен үлестірудің болжамды теңгеріміне сәйкес Каспийдегі қолданыстағы меншікті мұнай құю флотын пайдалануды оңтайландыруды жүргізу (қажет болған жағдайда), мұнай өнімдерін тасымалдау үшін мұнай құю танкерлерін қайта бағдарлау мүмкіндігін қарастыру;
- инновациялық технологияларды пайдалану, заманауи техникалық шешімдерді енгізу және жауапты кадрлық және әлеуметтік саясатты жүзеге асыру арқылы ірі жүк жөнелтушілердің жоғары халықаралық талаптарын қанағаттандыру үшін ұсынылатын мұнай тасымалдау қызметтерінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру (oil majors approvals);

- Ұлттық теңіз сауда флоты үшін преференциялар беру мәселесі бойынша Жалғыз қатысушы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауына ие болу;
- бизнес-бағытты, оның ішінде интеграциялық процестер кезінде дамыту үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының да, Еуропалық экономикалық қоғамдастықтың да теңіз көлігімен тасымалдау саласындағы заңнамасын жетілдіруге қатысу.

## **2) Мұнай құю жүктерін ашық теңіздерде тасымалдау**

Ашық теңіздерде мұнай құю жүктерін тасымалдау секторындағы ҚТКФ стратегиясы транс Қара теңіз өңіріндегі ұлттық теңіз тасымалдаушысының позицияларын нығайтуға және меншікті ірі тоннажды флотты өсіру арқылы ашық теңіздерде қазақстандық мұнай құю жүктерін тасымалдаудың жалпы көлемінде ҚТКФ-ның қатысуын дәйекті арттыруға, қауіпсіз, сенімді және экономикалық тиімді қызметтерді қамтамасыз етуге, қазақстандық көмірсутек шикізатын экспортқа тасымалдаудан қосымша кіріс алуға бағытталған.

ҚТКФ алға қойылған мақсатқа тиімді қол жеткізу үшін келесі іс-шараларды жоспарлы түрде жүзеге асыруға ниетті:

- қазақстандық мұнайды әлемдік нарыққа тасымалдауды ұйымдастыру және ҚМГ–ның «барлау – өндіру – тасымалдау - қайта өңдеу – жеткізу» толық көлік дәлізіне қол жеткізу арқылы ҚМГ компаниялар тобында синергияға қатысу;

- ҚМГ компаниялар тобының, сондай-ақ Қазақстаннан экспорттайтын басқа да жер қойнауын пайдаланушылардың бақылауындағы мұнай және мұнай өнімдерінің көлемін тасымалдау үшін кепілдік берілген көлемге ірі тоннажды танкерлер мен танкер-азық-түлік тасығыштардың құрылысын/сатып алынуын жүзеге асыру;

- қазақстандық мұнай экспортының және нарықтық конъюнктураның өзгерістерінен тәуелсіз болу мақсатында және рентабельділікті қамтамасыз ету кезінде бөгде мұнай компанияларының жүктерін тасымалдауға қатысу, бөгде мұнай компанияларының көлеміне қарай ірі тоннажды танкерлердің құрылысын/сатып алынуын жүзеге асыру;

- инновациялық технологияларды қолдану, заманауи техникалық шешімдерді енгізу және жауапты кадрлық және әлеуметтік саясатты жүзеге асыру арқылы халықаралық мұнай компанияларының (oil majors approvals) жоғары халықаралық талаптарын қанағаттандыру үшін ұсынылатын мұнай тасымалдау қызметтерінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру;

- ҚТКФ-ның ашық теңіздерде мұнай/мұнай өнімдерін тасымалдау жөніндегі жобаларға қатысуы мақсатында тәжірибелі халықаралық компаниямен стратегиялық әріптестік құру;

- Қазақстан кемелерінің ашық теңіздерге Қазақстан туын көтеріп шығуына мүмкіндік беру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасын және көлік саласындағы реттеуді жетілдіруге қатысу.

## **3) Теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету жөніндегі флоттың қызметтері**

Теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету жөніндегі Флот қызметтері секторындағы ҚТКФ стратегиясы Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы

(бұдан әрі – КТҚС) кен орындарын игеру шеңберінде көрсетілетін бәсекеге қабілетті қызметтердің спектрін кеңейтуге және үлесін ұлғайтуға бағытталған.

КТКФ алға қойылған мақсатқа тиімді қол жеткізу үшін келесі іс-шараларды жоспарлы түрде жүзеге асыруға ниетті:

- оффшорлық жобараларға қызмет көрсету бойынша флот қызметі нарығында үлесін кеңейту;

- қажетті сұраныс сонымен қатар осы бағыттағы жұмыс табысты болған жағдайда қызмет флотының арнайы кемелерін құрау/сатып алу;

- саны бойынша да, құрамы бойынша да қызметтерді тұтынушылардың талаптарына сәйкес келетін кемелердің осы түрлерін уақтылы пайдалануға енгізу мақсатында флотты дамыту, теңіз мұнай операцияларын және сервистік флотты қолдау бағдарламаларын ҚМГ қолдауымен үйлестіру;

- Теңіздегі мұнай операцияларын қолдау флоты көрсететін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру мақсатында КТКФ флотын OVID (OCIMF – Oil Companies International Marine Forum) халықаралық стандарттары бойынша сертификаттау бойынша бірқатар іс-шараларды өткізу;

- Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіруге және Каспий теңізінің қазақстандық секторында теңіз көлігімен қызмет көрсетуді реттеуге қатысу.

### **Жүктің барлық түрлерін тасымалдау**

Паромдық тасымалдарды жүзеге асыру секторындағы Стратегия мұнай нарығы конъюнктурасының өзгеруі кезінде КТКФ тұрақтылығын қамтамасыз ететін КТКФ қызметі түрлерін әртараптандыруға, жаңа табыс көзін құруға бағытталған.

Осы мақсатқа тиімді қол жеткізу үшін КТКФ келесі іс-шараларды жүйелі түрде жүзеге асыруға ниетті:

- Жалғыз қатысушының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен өзінің қазақстандық флотын құруға және паром нарығына шығаруға күш салу;

- осы қызмет бағытының табыстылығы жағдайында кепілдік берілген көлемге паромдық кемелерді құрастыруды/сатып алуды жүзеге асыру;

- паромдық тасымалдардағы өз позицияларын күшейту, өйткені дәл осы қызмет түрі мұнай нарығы конъюнктурасының теріс өзгеруі жағдайында беріктік қорын қамтамасыз етеді;

- қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарына сәйкес келуі;

- паромдық және контейнерлік жүктерді тасымалдау үшін қолданыстағы флотты пайдалану;

- Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүктердің аралас тасымалдары мен транзитіне қатысушы ретінде ТХКБ бойынша мультимодальдық тасымалдарға қатысу.

## **БИЗНЕС ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ**

### **Өндірістік бағдарламаны орындау**

№	Негізгі көрсеткіштер	өлш.бірл.	2021 жылғы	ауытқ.	%
---	----------------------	-----------	------------	--------	---

п/п			аңтар-желтоқсан		( +/- )	пайд.
			бек.жосп.	нақты		
1	2	3	4	5	6=5/4	7=5/4
1	Мұнайды тасымалдау барлығы, оның ішінде:	мың тонна	5 580	9 855	4 275	177%
	Каспий теңізі бойынша	мың тонна	540	537	-3	99%
1.1	Ақтау-Махачкала бағыты бойынша	мың тонна	540	526	-14	97%
1.2	Махачкала бағыты бойынша (Ю. Корчагин)-Баку	мың тонна	0	11	11	
	Ашық теңіздер бойынша	мың тонна	5 040	9 318	4 278	185%
1.3	Қара теңіз бағыты бойынша	мың тонна	3 680	3 546	-134	96%
1.4	Қара теңізден тыс бағытта	мың тонна	1 360	5 772	4 412	424%

### Мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау

ҚТКФ мұнай тасымалдауының жалпы көлемі **9 855 мың тонна** немесе **5 580 мың тонна** жоспарлы көрсеткіштен **177%** құрады.

Каспий аумағында ҚТКФ **537 мың тонна** мұнай тасымалданды, сұйық жүк жоспарлы көрсеткішке (**540мың тонна**) қарағанда **99%**.

### Ақтау порты.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Ақтау портында мұнайды ауыстырып тиеу **2 111 мың тоннаны** құрады. ҚТКФ тасымалдау бөлігі Ақтау портынан ауыстырылған көлемнен **526 мың тоннаны** құрады.

### Ақтау портынан мұнайды тасымалдау



### Махачкала порты бағытында мұнайды тасымалдау.

Ақтау портынан Махачкала порты бағытында жөнелтілген мұнайдың жалпы көлемі **2016 мың тоннаны** құрады, оның **526 мың тоннасын** немесе **26%** ҚТКФ тасымалдады. Өндіріс жоспары бойынша **540 мың тонна** жоспарлы көрсеткішке қатысты орындалу **97 пайызды** құрады. Бұл желіде жеке «ТК Ақтау» танкері жұмыс істеді.

### Каспий аймағы бойынша нәтижелер.

Есепті кезеңде Каспий өңірінде **537 мың тонна** мұнай тасымалданды немесе жоспарлы көрсеткішке қатысты **99%** (**540 мың тонна**).



Әзірбайжан Республикасы, Баку қаласындағы "Хазар GLX" кеме жөндеу зауытында «ТК Актау» танкерін кезекті куәландыруға байланысты ҚТКФ 2021 жылғы 28 қазанынан бастап Махачкала портының рейдінде «ТК Актау» танкерін коммерциялық пайдаланудан шығарды.

#### **Актау портынан мұнай тасымалдауға қатысатын кеме иелері:**

2021 жылы Актау портынан мұнай тасымалы ҚТКФ меншікті танкер флотымен, сондай-ақ "Әзірбайжан Каспий теңіз кеме шаруашылығы" ЖАҚ (Әзірбайжан), SOCAR LOGISTICS DMCC (Әзірбайжан), ARROW STAR (Түркия), Navigator (Ресей), Eurasian Trading (Дубай) компанияларының және Мобилекс (Қазақстан) компаниясының танкерлерімен жүзеге асырылды.

Олардың үлесі % есебімен:

- ҚТКФ – 24,9 %;
- КАСПАР – 5,4%;
- NAVIGATOR – 4,0%;
- МОБИЛЕКС – 58,3%.
- SOCAR – 5,5%;
- ARROW STAR – 0,4%;
- Eurasian Trading – 1,4%.

#### **Ашық теңіздерде мұнайды тасымалдау**

Ашық теңіздер бойынша Қара және Жерорта теңіздерінде мұнай тасымалдау бойынша өндірістік көрсеткіштер 2021 жылдың қорытындысы бойынша 9 318 мың тонна немесе жоспарлы көрсеткішке ( 5 040 мың тонна) қарағанда 185 %. Жалпы көлемнен 2 718 мың тонна меншіктік флотпен және жалданған кемелермен 6 600 мың тонна жеткізілді.

Ашық теңіздерде тасымалданды:

- Қара теңіздегі мұнай тасымалдауы - 3 546 мың тонна;
- Жерорта теңізінде мұнай тасымалдауы - 5 772 мың тонна.

Қара теңіз ішінде тасымалдау бойынша жоспардың орындалуы жоспарлы 3 680 мың тонна көрсеткішке қатысты 96% - ды, ал Жерорта теңізі бағытында орындалуы жоспарлы 1 360 мың тонна көрсеткішке қатысты 424% - ды құрады. ҚМГ жүктерінің үлесі 8 688 мың тоннаны немесе тасымалданған жүктің жалпы көлемінің 93% - ын құрады.

*Анықтама үшін: 2021 жылдың 2 шілдесінде Петромидия зауытында (Румыния) жарылыс салдарынан өрт болды, осыған байланысты зауыт 2021 жылдың қазан айының соңына дейін барлық жүк түсіру жұмыстарын тоқтатты.*

#### **ТОҚФ (теңіз операцияларын қолдау флоты) жұмысының қорытындылары.**

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі "Қашаған" кен орнындағы түбін тереңдету жұмыстары бойынша «North Caspian Operating Company N. V.» жобасы шеңберінде ҚТКФ «Ырғыз», «Талас» және «Ембі» теңіз буксирлерін, сондай-ақ «Оазис» қалқымалы қонақ үйін ұсынады. 2021 жылғы науқан мамырдан қарашаға дейін созылды, 2022 жылы жоба наурызда басталып, 2022 жылдың тамызына дейін жалғасады.

#### **Контейнерлерді тасымалдау:**

ТХКБ маршрутында жиырма фруттық баламада 17 722 контейнер тасымалданды. Бағыттар бойынша:

Ақтау порты-Баку порты: **13 153 ЖФЭ**

Баку порты-Ақтау порты: **4 569 ЖФЭ**

Орташа жүктеме 50,76% құрайды (Ақтау порты-73,3%, Баку порты-28,23%)



### Бас жүктерді тасымалдау:

2021 жылы ҚТКФ флотымен 105 мың тонна басты жүк, оның ішінде полиэтилен, карбамид, полиэтиленмен паллет, жобалық жүктер және т. б. тасымалданды.

### Флотты бөлу бойынша жүкті тасымалдау кестесі:

Судно	Маршрут	Груз	Кол-во, тонны
Туркестан	Бегдаш-Баку	Карбамид	15 062,14
Бекет Ата	Бегдаш-Баку	Карбамид	80 847,71
Бекет Ата	Бегдаш-Самсун (Турция)	Карбамид	2 297,44
Бекет Ата	Гемлик (Турция) - Туркменбаши	Генеральный груз	3 018,00
Барыс	Баку-Ақтау	Полиэтилен	3 819,24
Барыс	Баку-Ақтау	Ричстакер/антисептик	226,72
<b>ИТОГО:</b>			<b>105 271,25</b>

## ҚТКФ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

### «Barys» MCV кемесін контейнер тасушыға қайта жабдықтау»

**Жобаның мақсаты:** Реттелген Ақтау-Баку контейнерлік бағытқа байланысты MCV «Barys» контейнер тасымалдаушы-кемесін қайта жөндеу.

### 2021 жылдың қорытындысы:

Кемені жаңғырту жобасы 2021 жылғы наурызында аяқталды, ал 2021 жылғы 7 наурызында контейнерлік тасымалдардың фидерлік желісінде осы кеменің пайдалануы басталды. Кемені жаңғырту жобасы кемені контейнер тасушыға жаңғыртуды мақұлдау туралы шешім қабылданған күннен бастап 9 ай ішінде сәтті іске асырылды.

Барлығы өткен кезеңде Ақтау – Баку бағыты бойынша екі бағытта тасымалданған:

- 2019 жылға – 8 382 контейнер
- 2020 жылға – 12 434 контейнер
- 2021 жылға – 17 722 контейнер.

### **МСV «Barys» контейнер тасымалдаушы кемесін қайта жабдықтау»**

**Жобаның мақсаты:** 2020 жылы ТШО ККЖ бойынша келісімшарттың аяқталуына және Әзірбайжан темір жол операторы – "ADY Container" ЖШҚ-мен 24.09.2021 ж. Бас келісімге қол қойылуына байланысты, Алят – Түркменбашы – Алят желісінде контейнерлерді тасымалдау үшін "Сұңқар" МCV пайдалансын.

### **2021 жылдың қорытындысы:**

ҚТКФ инвестициялық комиссиясының 07.10.2021 жылғы шешімімен ҚТКФ контейнерлік кемеге арналған «Сұңқар» МCV кемесін жаңғыртуға рұқсат алды. Жобаның жалпы құны 500 млн теңгеден аспайды (ҚҚС-сыз). «Сұңқар» МCV-і қайта жабдықтаудың басталуы 2022 жылға жоспарланған.

## **САЛАНЫҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ**

ҚТКФ даму стратегиясына сәйкес сыртқы және ішкі факторларды ескере отырып, саланы дамытудың негізгі перспективалары өзгеріссіз қалады:

- Ақтау порты арқылы мұнай құятын жүктерін тасымалдау кезінде Оңтүстік (Транскаспий) бағытын сақтау;
- ҚТКФ кемелерінің Ресей Федерациясының ішкі су жолдарымен кедергісіз өтуі арқылы ҚТКФ бизнесінің географиясын кеңейту;
- әлемдік нарыққа мұнай тасымалдауды ұйымдастыру арқылы ҚМГ компаниялар тобы синергияға қатысу;
- нарық үлесін және сенімді әрі сапалы ұсынылатын қызметтердің қорытынды пайдасын арттыру мақсатында ҚТҚС-дағы оффшорлық жобалар үшін жеке сервистік флотты (қамтамасыз ету кемелері, ЛАРН кемелері, апаттық-құтқару кемелері және т. б.) құру жолымен ҚТКФ көрсететін қызметтер спектрін кеңейту;
- Көлік тасымалдау жүйесінің жаңа бағытын дамыту мақсатында паромдық тасымалдауды жүзеге асыру, ол мұнай өнімдері, астық, халық қолданатын тауарлар сияқты жүктерді, сонымен қатар әртүрлі сусымалы жүктерді экспорттау және импорттауды ұйымдастыруға қосымша мүмкіндік береді.

Сондай – ақ, Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізі шеңберінде Каспий теңізіндегі Ресей порттары - Каспийдің оңтүстік жағалауындағы Иранның порттары бағытында, сондай-ақ Ақтау, Баку, Түркменбашы порттарынан Иранның Каспий порттарына дейінгі бағыттарда ҚТКФ контейнер тасушыларын пайдалану мүмкіндігі қарастырылуда.

ҚТКФ құрғақ жүктері тасымалдаушылары Түркменбашиден Бакуға дейін карбамид тасымалдайды.

## **ҚТКФ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДАЛАРЫНЫҢ БАҒАСЫ**

№ п/п	Көрсеткіштер	Өлш. бірл.	ПӘК салмағы	Мақсатты мәндер 2021	Нәтижелілік
					2021 жыл

				Шегі	Мақсаты	Шығару	Нақты	Баға (балл)	Жиынтық нәтижеге салым (Салмақ * Баға)	
1	Танкерлік флотпен мұнай тасымалдау көлемі (шоғырландырылған)	мың тонна	30%	5 580	7 790	10 000	9 855	123,36	37,01	
2	ЕВІТДА	млн.теңге	20%	4 772	4 868	5 014	-939	0,00	0,00	
3	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰМСК» ЖШС тобынан таза ақша ағыны	мың АҚШ доллары	30%	8 700	11 000	14 215	9 199	60,85	18,25	
4	Есепті кезеңде ІАҚ ұсынымдарын іске асыру дәрежесі	%	10%	80	100	-	100	100	10	
5	Тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесі бойынша нысаналы индикаторларды орындау	%	10%	50	100	125	110	110,30	11,03	
				<b>Қорытынды нәтижелілік</b>					<b>76,30</b>	

2021 жылға ҚТКФ жұмысы тиімділігінің бағасы жоспарланған нәтижеге жету дәрежесін көрсетеді, басшылық жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін анықтайды және ҚТКФ стратегиялық мақсатына сәйкес келеді. 2021 жылға ҚТКФ жұмысының маңызды корпоративтік көрсеткіштері бойынша қорытынды нәтижелілік **76,30%** құрады.

## ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

№ п/п	Көрсеткіштердің атауы	Өлш.бірл.	2021 жыл			2022 жыл
			жоспар	нақты	Пайд-н (%)	жоспар
1	2	3	4	5	6=5/4	7
<b>1</b>	<b>Кіріс, оның ішінде:</b>	<b>млн.теңге</b>	<b>46 735</b>	<b>45 683</b>	<b>98%</b>	<b>51 186</b>
1.1.	Негізгі қызметтен түскен кірістер	млн.теңге	32 198	43 790	136%	44 642
1.2.	Қаржыландырудан түскен кірістер	млн.теңге	20	42	214%	0
1.3.	Негізгі емес қызметтен түскен кірістер	млн.теңге	14 518	1 851	13%	7 037
<b>2</b>	<b>Шығындар, соның ішінде:</b>	<b>млн.теңге</b>	<b>46 028</b>	<b>54 685</b>	<b>119%</b>	<b>50 189</b>
2.1.	Өзіндік күн	млн.теңге	28 638	42 288	148%	40 253
2.2.	Жалпы және әкімшілік шығыстар	млн.теңге	2 653	5 172	195%	2 616
2.3.	Іске асыру бойынша шығыстар	млн.теңге	26	605	2307%	329
2.4.	Қаржыландыруға арналған шығыстар	млн.теңге	976	926	95%	754
2.5.	Негізгі емес қызметтен болған шығыстар	млн.теңге	13 734	5 696	41%	6 857
<b>3</b>	<b>Жалпы пайда</b>	<b>млн.теңге</b>	<b>3 559</b>	<b>1 502</b>	<b>42%</b>	<b>4 389</b>

4	Салық салуға дейінгі пайда (шығын)	млн.теңге	707	-9 002	-1273%	869
5	КТС бойынша шығыстар	млн.теңге	35	-1 374	-3928%	469
6	Жалпы пайда/шығын	млн.теңге	672	-7 628	-1135%	400

### **2021 жылға ҚТКФ кірістері**

2021 жылға ҚТКФ кірістері 45 683 млн теңгені құрады, бұл жоспарлы көрсеткіштен 98 % құрайды.

ҚТКФ жалпы жұмысынан келген кіріс қорытынды кезеңде 43 790 млн теңге немесе жоспардан 136% құрады. Кірістің өсуі жоспармен салыстырғанда ашық теңіздер бойынша өндірістік жобасының көрсеткіштерінің 85% өсуіне байланысты (мұнайды жеткізу және тасымалдау туралы негіздемелік келісім).

Қаржыландырудан түскен кіріс қорытынды кезеңге 42 млн теңгені құрады. Уақытша бос ақша қаражаттарын орналастыру нәтижесінде кіріс овернайт бойынша пайыздық сыйақыдан түсті.

Негізгі емес қызметтен түскен кіріс 1 851 млн. теңгені құрады. 2-баржа классты MCV 8 600 000 мың теңге көлемінде және Эмба, Иргиз және Талас тартқыштарын 5 917 660 мың теңге көлемінде сатудан кіріс түсіру жоспарланған еді, алайда сатылым жүзеге аспады.

### **ҚТКФ бойынша 2021 жылдың шығындары**

2021 жылға ҚТКФ шығындары 54 685 млн.теңгені құрады, ол жоспарлы көрсеткіштен 119% құрайды.

Есеп кезеңі ішінде ҚТКФ-ның негізгі қызметінің шығындары 42 288 млн.теңгені немесе жоспардан 148% құрады.

Сату шығындары 605 млн.теңге сомасына немесе жоспардан тыс 578 млн.теңгеге орындалды.

Есеп кезеңі ішінде жалпы және әкімшілік шығындар 5 172 млн.теңгені құрады. Шектен шығу сомасы 2 518 млн.теңгені құрады.

Қаржылық шығындар 926 млн.теңгені немесе жоспардан 95% құрады.

Қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесінде 2021 жылға «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС таза шығыны 7 628 млн. теңге құрады, жоспарлы пайдаға қарсы – 672 млн. теңге.

## **ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

### **Кадрлық саясат**

#### **Персоналды жоспарлау**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2019 жылғы 25 маусымдағы шешімімен бекітілген ұйымдық құрылымға сәйкес ҚТКФ жалпы штат саны 143 бірлікті құрады.

2021 жылдың аяғында нақты саны 92 қызметкерді құрады.

#### **Персоналды іріктеу және жұмысқа қабылдау**

Персоналды іріктеу ҚТКФ бос қызмет орындарына персоналды іріктеу және оның бейімделу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады, осылайша 2021 жылы ҚТКФ жұмысқа алынды:

ҚТКФ бос лауазымдарына және қызметкерлерді бейімдеу конкурстық таңдау Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады, осылай 2021 жылы ҚТКФ 17 адам қабылданды, қызметкердің өз қалауы бойынша еңбек келісімшарты 7 адаммен бұзылды.

Жыл ішінде жеке құрам бойынша 751 бұйрық шығарылды.

2021 жылда қызметкерлердің неғұрлым жоғары үлес салмағы жас шамасы 25-тен 45-ке дейін жасамыс топқа шақ келді, ол персоналдың 66,3% -ын құрады, бұл оңтайлы арақатынас жағдайында жас қызметкерлер мен тәжірибелі қызметкерлердің бірқалыпты теңгерімін байқатты.

ҚТКФ қызметкерлерінің орташа жасы - 39.

Жоғары білімі бар қызметкерлер саны - 91 адам, екінші жоғары білімі бар қызметкерлер саны - 90 адам, магистратураны аяқтаған қызметкерлер саны - 4 адам.

ҚТКФ бойынша теңіз саласында 5 жылдан жоғары жұмыс өтіліне ие қызметкерлер саны - 68 адам.

2021 жылы персоналдың тұрақтамауы 7,22% құрады.

2021 жылы түрлі грамоталармен және алғыс хаттармен марапатталды:

ҚМГ ҰК АҚ – 9 қызметкер, «KAZENERGY» Қауымдастығы – 11 қызметкер, «KAZLOGISTICS» Қазақстан көлік қызметкерлері одағы – 3 қызметкер, «Самұрық-Қазына» АҚ – 2 қызметкер, Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылым министрлігі – 7 қызметкер, «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС: Теңіз және өзен флоты қызметкерлері күніне орай – 16 қызметкер, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында мемлекеттік тілді дамытуға қосқан елеулі үлесі, кәсібилік пен мінсіз жұмысы үшін – 7 қызметкер.

Тәртіптік жауапкершілікке 6 қызметкер тартылды.

### **Персоналды оқыту және дамыту**

Бас директор А.Е.Оржановтың бастамасымен ағымдағы жылдың ақпан-мамыр айлары аралығында компанияда ағылшын тілінен корпоративтік курстар ұйымдастырылды. Компанияның 50-ге жуық қызметкері курс бағдарламасын аяқтады.

Оқытуды «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ және «FORWARD SCHOOL» ағылшын тілі мектебінің тәжірибелі, білікті тренерлері жүргізді.

Сондай-ақ, қызметкерлерді оқыту мен дамытудың Күнтізбелік жоспарына сәйкес қызметкерлердің міндетті сертификатталған оқытуы, оның ішінде заңнама бойынша да оқытуы жүргізілді.

### **Қызметкерлерді бағалау**

ҚТКФ әкімшілік және өндірістік қызметкерлерін бағалау ережелеріне сәйкес тоқсан сайын қызметкерлерді бағалау жүзеге асырылады.

Басшылық және жетекшілік жасайтын қызметкерлер үшін мотивациялық негізгі қызмет көрсеткіштері құрастырылады.

### **Кадрларды даярлау**

Сонымен қатар, ҚТКФ кемелерінде әртүрлі оқу орындарынан 16 практикант жүзу практикасынан өтті.

### **Әлеуметтік және жастар саясаты**

Қызметкер үшін неғұрлым оңтайлы жағдайларды құру, сондай-ақ әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мақсатында ҚТКФ бойынша материалдық көмек

түрлері көрсетілді, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне жыл сайын медициналық сақтандыру жүргізіліп отырды, қызметкерлердің балалары жаңа жылғы сыйлықтармен қамтамасыз етілді.

ҚТКФ ұжымында әлеуметтік-психологиялық климатты жақсарту үшін ҚТКФ Бас директоры мен еңбек ұжымының есепті кездесулері онлайн-қашықтан өткізіліп отырды. ҚТКФ функционалдық блоктары мен бизнес-бағыттарының басшылары өз жетекшілігіндегі бөлімшелердің қызметкерлерімен жұмыс процестерін тығыз талқылау және туындаған проблемаларды дер кезінде жою үшін басқосуларды тоқсан сайын жүргізді.

Материалдық тұрғыдан ынталандыру мақсатында барлық қызметкерлерге Еңбекке ақы төлеу қағидасына сәйкес мерекелік сыйақылар төленді.

ҚТКФ әлеуметтік тұрақтылығы бекітілген ішкі құжаттармен және Жалғыз қатысушының ұсынымдарымен қамтамасыз етілді.

Төтенше жағдай мезгілінде короновирус жұқпасының таралмауына уақтылы ден қою қамтамасыз етілді.

ҚТКФ өз қызметін жүзеге асыруда өңірдің қоғамдық мәнге ие іс-шараларына белсенді қатысты.

ҚТКФ ұжымы, соның ішінде жастар кеңесінің мүшелері Алматы және Ақтау қалаларында тұратын ҰОС ардагерлерін құттықтап, ардагерлерге құттықтау хаттарды, сондай-ақ азық-түлік себеттерін, кәдесыйларды, атаулы көмек пен гүлдерді табыс етті.

Сондай-ақ, компанияда мұқтаж жандарға ерікті түрде қаражат жинау қайырымдылық науқаны басталды. Науқан аясында ҚТКФ қызметкерлері өңір фермерлеріне көмек көрсету үшін 3 млн теңге жинады.

ҚТКФ ұжымының үйлесімді жұмысының арқасында Батыс Қазақстан облысының Ауыл шаруашылығы қызметкерлерімен келісімге қол жеткізілді.

Бәйтерек ауданының "Авангард" ЖШС аграрлық фирмасының қолдауымен Маңғыстау облысының Шетпе ауылына бес шөп автокеруені жеткізіліп, зардап шеккен фермерлерге тарату үшін аудан әкімдігіне берілді.

Каспий теңізі оған шығу мүмкіндігі бар – Әзірбайжан Республикасы, Иран Ислам Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Түркіменстан бес мемлекет арасындағы көпжақты ынтымақтастықты дамытудың маңызды көзі болып табылады.

Каспий теңізінің бірегей биоалуантүрлілігі мен экожүйесін сақтау қажеттігіне жұртшылықтың назарын аудару үшін Каспий маңындағы бес елде Каспий күні жыл сайын мерекеленеді.

Каспий күні аясында ҚТКФ қызметкерлері сенбілік өткізді, науқан барысында қатысушылар Каспий теңізінің жағалауында бірнеше қап қоқыс жинады.

Науқанның мақсаты - тұрғындардың назарын Каспий экологиясы мәселесіне аудару.

ҚТКФ қызметкерлері Маңғыстау облысындағы волонтерлік қозғалыстарға белсенді қатысуды жалғастыруда.

### **Менеджмент жүйесі**

ҚТКФ Қауіпсіздікті басқару жүйесі (бұдан әрі – ҚБЖ) 2006 жылдан бастап «Ресей теңіз кеме тіркелімі» Классификациялық қоғамымен (Халықаралық сыныптаушы қоғамдар қауымдастығының мүшесі) куәландырылды, Кемелерді қауіпсіз басқару және кеме қатынасы компанияларына кемелерден ластануды

болдырмау жөніндегі халықаралық кодекс (бұдан әрі – ХҚБК) талаптарына сәйкес келеді.

ҚТКФ Менеджментінің біріктірілген жүйесі (бұдан әрі – МБЖ) 2003 жылдан бастап «Орыс тіркелімі» сертификаттау жөніндегі қауымдастығымен «Сапа менеджменті жүйесі» ISO 9001, «Экологиялық менеджмент жүйесі» ISO 14001, «Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі» ISO 45001 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес болуына, 2016 жылдан бастап ISO 9001 ҚР СТ, ISO 14001 ҚР СТ, OHSAS 18001 ҚР СТ ұлттық стандарттарының талаптарына сәйкес болуына сертификатталды.

### **Ішкі аудит**

Есепті кезеңде ҚТКФ құрылымдық бөлімшелерінде және кемелерінде ішкі аудиттер жүргізілді.

Анықталды	Жойылды	Басым мәні	
		Сәйкес келмеушіліктер	Бақылау
<b>Құрылымдық бөлімшелер</b>			
3	2	1	2
<b>Кемелер</b>			
42	42	6	36
<b>Мердігерлік ұйымдар</b>			
5	5	2	3

### **ҚТКФ сыртқы тексерістері**

#### **Қауіпсіздікті басқару жүйесі**

Компания Классификациялық қоғамның жыл сайынғы ҚБЖ тексеруінен сәтті өтті. Тексеру барысында сәйкес келмеушіліктер анықталған жоқ.

#### **Біріктірілген менеджмент жүйесі**

2021 жылдың сәуір айында ҚТКФ-да ҚТКФ БМЖ-нің ISO халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне сыртқы инспекциялық аудит жүргізілді.

Тексеру барысында сәйкес келмеушіліктер/ескертулер анықталған жоқ. Менеджмент жүйесіне тұрақты түрде жақсарту принципіне сәйкес қызмет барысында қолдау көрсетіледі және дамытылады.

#### **Өрт қауіпсіздігі**

2021 жылғы қазанда ҚТКФ бойынша Маңғыстау облысының Төтенше жағдайлар департаменті тарапынан өрт қауіпсіздігі бойынша (әкімшілік ғимаратында) жоспарлы тексеріс жүргізілді.

Тексеру нәтижесі бойынша 10 ескерту анықталды. Оның 9-ы жойылды. Бір ескерту сот процесінің нәтижесінде жойылды.

#### **ҚТКФ кемелерінде жүргізілген сыртқы тексерістер VID инспекциясы NCOC (Vessel Inspection Document)**

NCOC түбін тереңдету жобасының талаптарына сәйкес келу үшін ҚТКФ буксирі NCOC тарапынан VID тексеруінен өтті.

Тексеру қорытындысы бойынша 94 ескерту анықталды. Оның ішінде 86 ескерту жабылды. Қашағанның сары аймағында барлық кемелердің жұмыс істеуі жоспарланбағанына, сонымен қатар кеменің конструктивтік ерекшеліктеріне



байланысты 9 ескертуді жабу қажет емес. Осылайша, буксирлер жобада жұмыс істеуге рұқсат етілді.

### **Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау**

Еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық конвенциялардың, үздік практиканың талаптарына, сондай-ақ тапсырысшылар мен Жалғыз қатысушының талаптарына сәйкес мына жұмыстар орындалуда:

- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында құжаттама әзірленіп бекітілді (нұсқаулықтар, қағидалар, рәсімдер және т.б.);
- Қызметкерлерге нұсқамалар (кіріспе, жұмыс орнында бастапқы, жоспардан тыс, мақсатты) берілді, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқыту, білімін тексеру жүргізілді;
- Қызметкерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруға шарт жасасты;
- Кемелердің экипаждары арнайы киіммен және жеке бас қорғанысының басқадай құралдарымен қамтамасыз етілді;
- Қызметкерлерге медициналық қызметтерді ұсыну шарты/медициналық сақтандыру шарты шеңберінде тегін медициналық қызметтер ұсынылды;
- Экипаждардың ауысым кезінде медициналық куәландыру және алкотест өткізілді. Капитандар алкогольдік ішімдіктердің қолданылуына жоспардан тыс ай сайын тест өткізіп отырды. Сондай-ақ, мамандандырылған ұйыммен есірткі мен алкогольдік ішімдіктерге тест жылына кем дегенде бір мәрте жүргізіліп отырды;
- Санитарлық бақылау жүргізу мақсатында кемелердің сумен жабдықтау жүйесінде суды микробиологиялық және макробиологиялық зерттеу (талдау) жүргізіліп отырды;
- Қауіпсіздік бойынша мінез-құлықты тексеру жүргізіліп отырды, сондай-ақ қауіпсіздік карточкалары толтырылды.

Есепті кезең ішінде ҚТКФ қызметкерлеріне қатысты және ҚБЖ-ға тиесілі кемелердің экипаждарында бірден бір жазатайым оқиға тіркелмеді. Осылайша, компанияның Саясатында белгіленген мақсаттар орындалды.

### **«COVID-19» жұқпасына қарсы күрес жүргізу жөніндегі іс-шаралар**

COVID-19 жұқпасынан сақтандыру және оның таралуын болдыртпау мақсатында мынадай жұмыстар орындалды:

- Барлық орын-жайлардың санитарлық-дезинфекциялық режимі күшейтілді (ғимаратта және кемелерде);
- кемелер үшін Жағымсыз эпидемиологиялық жағдайда жұмыстарды ұйымдастыру жоспары әзірленді;
- дене температурасын күніне екі мәрте міндетті түрде өлшеу арқылы экипаж мүшелерінің денсаулық жағдайына күн сайын мониторинг жүргізіліп отырды; аса қажет болмаған жағдайда болмаса, жағалауға шығуға тыйым салынды;
- кеме экипаждары ауысым жағдайында әрбір мәрте ПЦР тест тапсырып отырды;
- ҚТКФ ғимаратында медициналық қызметкер қашықтан өлшейтін термометрді қолдану арқылы барлық келушілер мен қызметкерлердің дене температурасын өлшеп отырды; ғимараттың кіре беріс жолында «Зарарсыздандыру

тоннелі» орнатылды.

- маска тағып жүру және әлеуметтік қашықтықта болу режимі сақталды;
- көпшілік адамдардың жиналуымен өткізілетін іс-шаралар (форумдар, мәжілістер, жиналыстар және т.б.) шектелді;
- ғимарат пен кемелерде антисептик сұйықтықтары құйылған санитайзерлер орнатылды;
- көз жанары түсетін жерлерде COVID-19 жөнінде графикалық материалдар (қауіпсіз арақашықтықты сақтау, бетіне маска тағып жүру, жеке тазалық гигиенасының қағидаларын ұстану және т.б.) орнын тапты;
- ҚМГ Қауіпсіздікті басқару орталығына есептеме күн сайын беріліп отырды;
- Жуу және зарарсыздандыру сұйықтықтарын қолдану арқылы қызметтік автокөлікті жуып-тазалау жүргізіліп отырды.

ҚТКФ қызметкерлері және кеме экипаждарының мүшелері арасында COVID-19 жұқпасының салдарынан өлімге әкеліп соқтырған жағдайлар тіркелмеді.

### **Өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайларға ден қою**

Жағалау мен кеме персоналының төтенше жағдайларға тұрақты әзірлігін қамтамасыз ету үшін:

- Диспетчерлік қызметтің тәулік бойы (24/7) кезекшілігі ұйымдастырылды, ол байланыс және құлақтандыру жүйелері (соның ішінде Маңғыстау облысының ТЖД тікелей байланысу арқылы) арқылы қамтамасыз етілді;
- **ХҚБК** талаптарына сәйкес тұрақты негізде авариялық жағдайлар мен оқиғалар жөніндегі Жедел штаб әрекет етті;
- Кемелерде ХҚБК сәйкес оқу-жаттығулар жүргізілді, сондай-ақ кеме-жағалау іс-қимылы пысықталды;
- Төтенше жағдайларда кеме персоналының іс-әрекетін практикалық пысықтау компания түзіп жасаған оқу-жаттығу бағдарламалары бойынша жүргізілді;
- Кемелерде және ғимаратта өрт сөндіру автоматикасы мен өрт сөндіру жүйесіне, сондай-ақ бастапқы өрт сөндіру құралдарына уақтылы қызмет көрсету және тексеру жүзеге асырылды;
- Әкімшілік ғимаратта жиналу жеріне персоналды эвакуациялау арқылы өрт қауіпсіздігі бойынша оқу-жаттығу дабылы өткізілді;

### **Қоршаған ортаны қорғау**

Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін мейлінше азайту және қалдықтардың пайда болу, оларды жою және залалсыздандыру процестерін нақтылы жүйелендіру үшін мынадай жұмыстар жүргізілді:

- Қоқыс операцияларының Кемелік жоспары әзірленді, оны қоқысты жинау, сақтауға алу, өңдеу және жою рәсімдері құрады;
- Әрбір кемеді экипажды тиісінше МАРПОЛ 73/78 талаптары туралы хабардар ететін плакаттар ілінді;
- Кемелер қоқыс қалдықтарына арналған контейнерлермен қамтамасыз етілді. Барлық қалдықтар сұрыпталып, жағалаулық қоқысты қабылдау орындарына тапсырылады.

Бекітілген кестеге сәйкес кемелердің экологиялық инспекциялары өткізілді.

Жалпы кемелік жүйелерден және кемелердің энергетикалық қондырғыларының жүйесінен Каспий теңізінің акваториясына төгілетін шартты-таза сулардың сапасын бақылау бекітілген Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды. Жұмыстар мамандандырылған мердігерлік ұйымдардың аккредиттелген зертханаларымен жасасқан шарттар негізінде орындалды. Жұмыстарды жүргізу кезеңінде шекті рауалы қойырлықты асыру жағдайлары тіркелмеді.

"Міндетті экологиялық сақтандыру туралы" ҚР Заңына сәйкес міндетті экологиялық сақтандыру шарты жасалды.

Табиғатты қорғау қызметіне назар аударуды арттыру, қоршаған ортаға әсерді азайту, сондай-ақ жаңа экологиялық талаптар мен жаһандық үрдістерге сәйкес шаралар қабылдау мақсатында "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ компаниялар тобы бойынша 2021 жылды Экология жылы деп жариялады. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Экология жылы» аясында «Жер сағаты» науқанын ұйымдастыру және оған қатысу, әкімшілік ғимараттың аумағын ағаштар мен бұталар отырғызу, абаттандыру, «Жер сағаты» науқанын өткізу сияқты іс-шаралар жүзеге асырылды. Халықаралық Каспий теңізі күніне арналған «Экология балалардың көзімен» тақырыбына қоғамдастық жұмыс күні және компания қызметкерлерінің балалары арасында балалар суретінің конкурсын өткізу сияқты іс-шаралар іске асырылды.

Есепті кезеңде қоршаған ортаға залал келтірген жағдайлар тіркелмеді.

## **КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**

### **Корпоративтік басқару жүйесі**

ҚТКФ Жарғысының 7-бабына сәйкес ҚТКФ-ның мынадай органдары көзделеді:

1. жоғарғы орган – Жалғыз қатысушы;
2. бақылау-қадағалау органы - Қадағалау кеңесі;
3. алқалы атқарушы орган - Басқарма;
4. бақылаушы орган - Тексеру комиссиясы (Тексеруші) (қажеттігіне қарай Жалғыз қатысушының шешімі бойынша құрылады).

Серіктестіктің лауазымды тұлғалары Қадағалау кеңесінің және Басқарманың мүшелері болып табылады.

ҚТКФ Жарғысының 1-бабының 2-тармағына сәйкес ҚТКФ **Жалғыз қатысушысы** ҚМГ болып табылады.

**Қадағалау кеңесі** ҚТКФ Басқармасының қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган болып табылады және оның құрамын 3 (үш) мүше құрайды.

Қадағалау кеңесінің мүшелері Жалғыз қатысушымен 3 (үш) жылға сайланады. Қадағалау кеңесінің төрағасын Жалғыз қатысушы Қадағалау кеңесіне сайланған мүшелер қатарынан тағайындайды.

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 4-тармағына сәйкес Қадағалау кеңесінің мүшесі болып тек қана жеке тұлға сайланады. Ол серіктестіктің атқарушы органына бір мезгілде мүше болып сайлана алмайды.

**2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТКФ Қадағалау кеңесінің құрамына кірген тұлғалар туралы мәліметтер:**

ҚТКФ Қадағалау кеңесінің төрағасы	Орманов Марат Кушкенбаевич	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тасымалдау және логистика департаментінің директоры
Қадағалау кеңесінің мүшелері	Сәулебай Мәлік Оралұлы	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары
	Жангулов Азамат Аспандиярович	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тасымалдау және логистика бөлімінің бас маманы

2021 жылы ҚМГ Директорлар кеңесі/Жалғыз қатысушы ҚТКФ қызметі жөнінде келесі шешімдерді қабылдады

**ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімдері:**

Хаттама	Күні	Мәселе атауы
№ 14/2021 37 тармақ	09.09.2021 жыл	«Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Бас директорын тағайындау туралы.
№ 14/2021 38 тармақ	09.09.2021 жыл	«Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы.
№ 19/2021 12-тармақ	09.12.2021 жыл	«Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС –нің мәміле жасауын келісу туралы, оның нәтижесінде тиісті кезеңде макроэкономикалық көрсеткіштер (базалық сценарий) болжамында айқындалған бағам бойынша теңгемен 110 000 000 (бір жүз он миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті иеліктен шығарылуы (иеліктен шығарылуы мүмкін), - "Теңізшевройл" ЖШС, "Blue Water Shipping Kazakhstan" ЖШС және «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС арасындағы Мердігерлік қызмет көрсету шартына №12 Қосымша келісім.

**Жалғыз қатысушы/ҚМГ Басқармасының шешімдері:**

Хаттама	Күні	Мәселе атауы
№10 мәселе 11	31.03.2021 жыл	«ҚТКФ 2020 жылғы жеке және шоғырландырылған жылдық қаржы есептіліктерін бекіту және Жалғыз қатысушыға 2020 жылғы таза кірістерді бөлу тәртібі туралы ұсыныстарын енгізу туралы»
№20 мәселе 1	14.06.2021 жыл	«Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС –нің мәміле жасасуын, оның нәтижесінде құны Серіктестік активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінен елу бір және одан да көп пайызын құрайтын мүлкі иеліктен шығарылуы (иліктен шығарылуы мүмкін) мәміле жасасуын мақұлдау туралы», -

		«Теңізшевройл» ЖШС, «Blue Water Shipping Kazakhstan» ЖШС және «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС арасындағы мердігерлік қызмет көрсету шартына № 11 Қосымша келісім
№22 мәселе 14	30.06.2021 жыл	«Қазтеңізкөлікфлоты ҰТКҚК» ЖШС Корпоративтік есеп саясатына және Есеп саясатына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы»
№28 мәселе 1	02.08.2021 жыл	"Қазтеңізкөлікфлоты" ҰТКҚК" ЖШС Басқармасының өкілеттік мерзімін айқындау туралы, "Қазтеңізкөлікфлоты "ҰТКҚК" ЖШС Бас директорын (Басқарма Төрағасын) тағайындау туралы, "Қазтеңізкөлікфлоты "ҰТКҚК" ЖШС басқарма мүшелерін сайлау туралы және "Қазтеңізкөлікфлоты "ҰТКҚК" ЖШС Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау туралы".
№29 мәселе 33	27.08.2021 жыл	"Қазтеңізкөлікфлоты "ҰТКҚК" ЖШС Жарғысын жаңа редакцияда мақұлдау туралы"
№42 мәселе 2	22.11.2021 жыл	"Қазтеңізкөлікфлоты "ҰТКҚК" ЖШС 2022-2024 жылдарға арналған жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды анықтау туралы"
№43 мәселе 14	24.11.2021 жыл	«Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС –нің мәміле жасауын келісу туралы, оның нәтижесінде тиісті кезеңде макроэкономикалық көрсеткіштер (базалық сценарий) болжамында айқындалған бағам бойынша теңгемен 110 000 000 (бір жүз он миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті иеліктен шығарылуы (иеліктен шығарылуы мүмкін), «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС –нің мәміле жасасуын, оның нәтижесінде құны Серіктестік активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінен елу бір және одан да көп пайызын құрайтын мүлкі иеліктен шығарылуы (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле жасасуын мақұлдау туралы», - "Теңізшевройл" ЖШС, "Blue Water Shipping Kazakhstan" ЖШС және «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС арасындағы Мердігерлік қызмет көрсету шартына №12 Қосымша келісім.

#### ҚТКФ Қадағалау кеңесінің шешімдері:

Хаттама	Күні	Мәселе атауы
№01-21/НС	05.02.2021 жыл	1) «ҚТКФ Қадағалау кеңесінің 2021 жылға арналған Жұмыс жоспарын бекіту туралы»;

		2) "Қазтеңізкөлікфлоты "ҰТКҚК" ЖШС 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеден астам сомаға мәмілелер жасасу туралы", - " Атамекен " экипажы жоқ кемені жалға беру шартын және" Жібек Жолы "экипажы жоқ кемені жалға беру шартын BARECON 2017"проформа бербоут-чартері (суббербоут) шарттарында жасау туралы".
№02-21/НС	17.03.2021 жыл	1) «ҚТКФ 2020 жылғы жеке және шоғырландырылған жылдық қаржы есептіліктерін алдын ала бекіту және Жалғыз қатысушыға 2020 жылғы таза кірістерді бөлу тәртібі туралы ұсыныстарын енгізу туралы»
№03-21/НС	31.03.2021 жыл	1) "Қазтеңізкөлікфлоты "ҰТКҚК" ЖШС-і «KTZ Express Shipping» ЖШС-мен 2019 жылғы 11 сәуірдегі №У-10.2-165/2019 Бербоут-чартер шартын («Бекет Ата» және «Түркістан» кемелерін экипажсыз жалға беру) 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеден астам сомаға мәмілені бұзу туралы; 2) «ҰТКК «Қазтеңізкөлікфлоты» ЖШС 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеден астам сомаға мәміле жасасу туралы, - «KTZ Express Shipping» ЖШС-нен мүлікті өндіріп алу (өтеу) туралы Келісім; 3) «ҰТКК «Қазтеңізкөлікфлоты» ЖШС 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеден астам сомаға мәмілені жасасу туралы, - («Атамекен» және «Жібек жолы» кемелерін экипажсыз жалға беру) 2019 жылғы 6 мамырдағы № У-10.2-194/2019 Бербоут-чартер шартына № 1 қосымшасын.
№04-21/НС	30.04.2021 жыл	1) «ҚТКФ 2020 жылғы Жылдық есептемесін бекіту туралы» 2) «ҰТКК «Қазтеңізкөлікфлоты» ЖШС-нің 2020 жылға арналған бюджеттің орындалуы жөніндегі есебін бекіту туралы"; 3) «ҰТКК «Қазтеңізкөлікфлоты» ЖШС қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерін және олардың 2021 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту туралы".
№05-21/НС	21.05.2021 жыл	1) "Қазтеңізкөлікфлоты "ҰТКҚК" ЖШС-і "СК" СпецМонтажСтрой "ЖШС компаниясымен "Vimco Supplytime 2017"тайм - чартер проформасы талаптарымен кемелерді жалға беру шартын 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеден астам сомаға мәміле жасасу туралы"; 2) «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС –нің мәміле жасасуын, оның нәтижесінде құны Серіктестік

		активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінен елу бір және одан да көп пайызын құрайтын мүлкі иеліктен шығарылуы (иліктен шығарылуы мүмкін) мәміле жасасуын мақұлдау туралы», - «Теңізшевройл» ЖШС, «Blue Water Shipping Kazakhstan» ЖШС және «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС арасындағы мердігерлік қызмет көрсету шартына № 11 Қосымша келісім
№06-21/НС	17.06.2021 жыл	1) «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК»ЖШС Қадағалау кеңесінің хатшысын тағайындау туралы»
		2) «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК»ЖШС "СК" СпецМонтажСтрой "ЖШС компаниясымен" BIMCO Supplytime 2017 "тайм - чартер проформасы талаптарымен "Оазис" кемесін жалға беру шарты – 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеден астам сомаға мәміле жасасу туралы".
№07-21/НС	02.08.2021 жыл	1) «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК»ЖШС басшы қызметкерлерінің 2021 жылға арналған негізгі көрсеткіштер карталарын және олардың мақсатты міндеттерін бекіту туралы»
№08-21/НС	31.08.2021 жыл	1) «ҚТКФ Қадағалау кеңесінің хатшысын тағайындау туралы»; 2) «Alatau Shipping Ltd» 2020 жылғы арналған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы»; 3) «Altai Shipping Ltd» 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы»; 4) «Қазтеңізкөлікфлот» ЖШС 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы». 5) «Kazmortransflot UK Ltd» 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін бекіту және 2020 жылға арналған таза табысты бөлу туралы»;
№09-21/НС	09.09.2021 жыл	1) «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК»ЖШС 2020 жылғы корпоративтік негізгі қызмет көрсеткіштерінің қорытынды нәтижелілігін бекіту туралы»; 2) «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК»ЖШС басшы қызметкерлерінің 2020 жылғы корпоративтік негізгі қызмет көрсеткіштері карталарының қорытынды нәтижелілігін бекіту туралы»; 3) «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК»ЖШС басшы қызметкерлеріне 2020 жыл бойынша сыйақыны төлеу/төлемеу жөнінде шешім қабылдау туралы»;
№10-21/НС	10.12.2021 жыл	1) «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС 2022-2026 жылдарға арналған Бизнес-жоспарын бекіту туралы» 2) «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС басқарушы, әкімшілік және өндірістік персоналына еңбекақы төлеу қағидаларына 1, 2 және 3-қосымшаларға

		сәйкес қызметкерлердің лауазымдық айлықтарының схемаларын және тарифтік мөлшерлемелерін бекіту туралы».
--	--	---

### **ҚТКФ Басқармасы**

Басқарма – ҚТКФ ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

Басқарма қызметінің негізін ҚМГ тұлғасында Жалғыз қатысушының мүддесін барынша сақтау қағидаты құрайды және ол оның шешімдері және ҚТКФ Қадағалау кеңесінің шешімдері бойынша толықтай есеп береді.

2021 жылы ҚТКФ Басқармасы мүшелерінің құрамында өзгерістер болды.

Басқарма өз қызметін ҚТКФ Жарғысы және ҚТКФ Басқармасы туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2020 жылы ҚТКФ Басқармасының 74 мәселе бойынша 44 отырысы өтті.

2021 жылы ҚТКФ Басқармасының төрағасы мен мүшелеріне 2020 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлемдері жүргізілді.

**2021 жылғы желтоқсанның 31-і күніне Басқарма құрамында болған адамдар туралы мәлімет:**

Басқарма төрағасы (Бас директор)

- Айдар Есенжанұлы Оржанов;

Басқарма мүшелері:

- Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары – Ринат Ғалымжанұлы Сүлейменов;

- Заң департаментінің директоры – Жамарт Сәрсенбекұлы Мұхамеджанов.

### **Тексеру комиссиясы**

Тексеру комиссиясы (Тексеруші) (қажет болған жағдайда жалғыз қатысушының шешімімен құрылады) ҚТКФ-ның қаржы-шаруашылық қызметіне, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйіне бақылауды жүзеге асыратын бақылаушы орган.

Тексеру комиссиясы (Тексеруші) ҚТКФ-ның қаржылық есептілігін оны жалғыз қатысушы бекіткенге дейін міндетті түрде тексереді.

2021 жылғы желтоқсанның 31-і күніне ҚТКФ Жарғысының 8-бабының 44-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ҚТКФ Жалғыз қатысушысының шешімімен тексеру комиссиясын (тексеруші) құру мәселесі жөнінде шешім қабылданбады.

### **Комплаенс**

ҚТКФ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Компания қолданыстағы корпоративтік стандарттарды жақсартуға ұмтылады. Компания мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалық және этикалық нормаларды сақтауы шеңберінде:

- Комплаенс деген не және компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті енгізу деген тақырыпта корпоративтік веб-сайтта екі мақала әзірленіп, орналастырылды;

- Басқару функцияларын жүзеге асыруға байланысты лауазымды атқаратын тұлғалармен, сондай-ақ олардың жұбайларымен уәкілетті органға активтер мен міндеттемелер туралы декларациялар табыс етілді.(01.09.2021 ж.);



- Жедел желі туралы ақпаратты қамтитын постерлер жаңартылып, Ақтау 14 ықшам ауданы, қызметкерлер, сондай-ақ ҚТКФ ғимаратының жалға алушылары мен келушілері көп жиналатын орындарда Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, 70 ғимарат мекенжайы бойынша орналастырылған. (29.06.2021);

- Компанияның сайтында "жедел желі" операторының өзгеруі туралы Байланыс ақпараты орналастырылған;

- 21.05.2021 жылы ҚМГ Комплаенс қызметіне «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС комплаенс тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша тәуекелдер картасы жіберілді;

- «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС-нің 2021 жылғы қаңтар-шілде аралығындағы бухгалтерлік операцияларын тексеру, сондай-ақ мүдделер қақтығысын сақтау бойынша контрагенттерді тексеру, басшы саяси маңызды тұлға болып табылмайтындығына, контрагентті әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілерін анықталуы жүргізілді;

- 2021 жылғы 09 қыркүйектегі ҚТКФ Жарғысының өзгеруіне байланысты ҚТКФ Бақылау кеңесінің бекітуіне "Қазтеңізкөлікфлоты" ҰТККК" ЖШС контрагенттерінің сенімділігін тексеру жөніндегі саясатты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Саясатты және қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты бекіту туралы ұсыныс енгізілді.

## **АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР**

ҚТКФ-да серверлік, компьютерлік, желілік жабдықтардың, ұйымдастыру техникасының, коммуникация жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуі қамтамасыз етілген;

ҚТКФ қызметкерлеріне компанияның жаңа ақпараттық жүйелерімен жұмыс істеуде тұрақты негізде әдістемелік көмек көрсетіледі;

Ақпараттық жүйе, телекоммуникация құралдары және т.б жұмыстарында кемшіліктер мен тоқтап тұру жоқ.

ҚТКФ өкілдігінде интернет желісінен трафикті қорғауды және сүзуді қамтамасыз ететін Fortinet желілік қауіпсіздік кешені орнатылған.

ҚТКФ желілік және домендік инфрақұрылымы ҚМГ ҰК АҚ-мен біріктірілді.

АМОС флотының техникалық менеджментінің автоматтандырылған жүйесін кеңсе мен кемелер арасындағы деректермен алмасудың жаңа жүйесіне көшіру бойынша жұмыстарды жүргізу.

Қашықтықтан жұмыс істеуге шыққан қызметкерлерге ҚТКФ АЖ қашықтықтан қол жеткізу қамтамасыз етілді.

ҚМГ деректерді берудің бірыңғай желісіне қосыла отырып, "Directum" электрондық құжат айналымы жүйесін енгізу басталды.

АТ бөлігіндегі барлық сатып алулар ГӨЗ бекіткен сатып алуды жүзеге асыру мерзімдеріне сәйкес жүргізіледі. 27 келісімшарт жасалды.

## **ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ**

ҚТКФ-да тәуекелдерді басқару тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін, оның жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарын, тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымын, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру

әдістерін айқындаудағы басты құжат болып табылатын тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаты серіктестіктің өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерге тұрақты талдау мен бағалау жүргізу, тәуекелдерге ден қою және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу, сондай-ақ компанияның тәуекел-тәбетінің деңгейін бақылау және қолдау арқылы операциялық мақсаттарға қол жеткізуі болып табылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту және оны одан әрі жетілдіру COSO халықаралық стандарттарының қағидаттарына негізделген «Ұйымдардың тәуекелдерін басқару. Интеграцияланған модель, ISO 31000: 2018 «Тәуекелдер менеджменті. Қағидаттар және басшылық нұсқаулар», ISO 31010: 2011 «Тәуекелдер менеджменті. Тәуекелді бағалау әдістері».

ҚТКФ алдын алу сипатындағы не анықталған тәуекелдерді іске асыру ықтималдығын барынша азайтуға тиіс тұрақты және біржолғы іс-шараларды іске асырады. Бұл тізбеге басымдық бойынша бірінші болып теңізде жүзу қауіпсіздігіне байланысты іс-шаралар және әлемдік фрахт нарықтарының мониторингі, флотты жаңғырту және флотты жаңарту, қажетті табиғат қорғау шараларын жоспарлау және енгізу, теңіз көлігін нормативтік реттеудің өзгерістеріне мониторинг жүргізу, кадр саясатын жетілдіру сияқты басқа да негізгі бағыттар міндетті түрде енгізілген.

## **ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА МҮШЕЛІК**

ҚТКФ келесі қауымдастықтардың тұрақты/қауымдастырылған мүшесі болып табылады:

Теңіз көлігі кәсіпкерлерінің қауымдастығы;

"Атамекен" ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы;

"Kazservice" Қазақстанның мұнай сервистік компаниялар одағы;

Транскаспий Халықаралық Көлік Бағыты;

«Kazenergy» Қазақстандық мұнай-газ және энергетикалық кешен ұйымдарының қауымдастығы.

«Транскаспий халықаралық көлік бағыты» Халықаралық Қауымдастығы» ЗТБ.

Компания осы қауымдастықтардың әртүрлі жобаларына қатысады. Қауымдастықтарға қатысу ҚТКФ-ның бизнесті дамытудағы мүмкіндіктерін кеңейтуге жағдай туғызады, мемлекеттік органдармен заңнама бөлігінде жұмысты жеңілдетеді, бизнес қатысушыларының өзара іс-қимылын үйлестіруге ықпал етеді.

2019 жылдан бастап ҚТКФ "Транскаспий халықаралық көлік бағыты" (ТХКБ) халықаралық қауымдастығының қатысушысы болып табылады және "Ақтау – Алят (Баку) – Ақтау" бағытында "Барыс" фидерлік кемесімен жұмыс істейді. ТХКБ Батыс Қытайдан Шығыс Еуропаға дейінгі барлық транзиттік жолды - ҚР, АР, Грузия және Түркия ТМТМ елдерінің аумақтары арқылы байланыстырады. Фидерлік желі іске қосылғаннан бері 40 мыңнан астам ЖФЭ тасымалданды, бұл ретте жүк ағынының көлемі үнемі өсіп келеді. Қытайлық тапсырыс берушілерден басқа ТХКБ-ге түрлі жүк жөнелтушілерден, соның ішінде Өзбекстан, Түркия, Әзірбайжан, Грузия және Қазақстаннан да өтінімдер келіп түсуде. Барлық бағыттың инфрақұрылымы жолға қойылуда, қосымша фитингтік платформалар мен ауыстырып тиеу крандары сатып алынуда. Сондай-ақ, қазіргі уақытта Қазақстанның шығысындағы Достық және Алтынкөл құрғақ порттарын жаңғырту

жұмыстары жүргізілуде, бұл да транзиттік контейнерлер ағынын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2021 жылы ҚТКФ-да ТХКБ-да теңіз операторы мәртебесі ұзартылды.

**Анықтама үшін:**

*"ТХКБ" халықаралық қауымдастығы – бұл ТХКБ-да орналасқан бірқатар елдер мен компаниялардың мүдделерін біріктіретін және білдіретін, осылайша Тарихи Ұлы Жібек жолының бағытын жандандыратын ұйым*

*"ТХКБ" халықаралық қауымдастығы қажетті ақпараттық қолдауды қамтамасыз ете отырып, жүктерді Азиядан Еуропаға және кері бағытта тасымалдау процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылын үйлестіруге арналған.*

ҚТКФ қауымдастықта болған кезеңінде, ТХКБ маршрутында **38 538 ЖФЭ** контейнерлерін тасымалдаған, оның ішінде:

Ақтау-Баку: 27 509 ЖФЭ;

Баку-Ақтау: 11 029 ЖФЭ.

**АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**



«Эрнст энд Янг» ЖШС  
Әл-Фараби д-лы, 77/7  
«Есентай Тауэр» ғимараты  
Алматы қ., 050060  
Қазақстан Республикасы  
Тел.: +7 727 258 5960  
Факс: +7 727 258 5961  
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»  
пр. Аль-Фараби, 77/7  
здание «Есентай Тауэр»  
г. Алматы, 050060  
Республика Казахстан  
Тел.: +7 727 258 5960  
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP  
Al-Farabi ave., 77/7  
Esentai Tower  
Almaty, 050060  
Republic of Kazakhstan  
Tel.: +7 727 258 5960  
Fax: +7 727 258 5961

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Қазақтеңізкөлікфлоты» Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің Басшылығы мен Қатысушысына

### **Пікір**

Біз «Қазақтеңізкөлікфлоты» Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» ЖШС-тің (бұдан әрі - «Ұйым») жекелеген қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп, жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, жекелеген қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған жекелеген қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұйымның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

### **Пікірді білдіру негізі**

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің жекелеген қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Ұйымға қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.



Building a better  
working world

### ***Басшылықтың жекелеген қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі***

Басшылық жекелеген қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ жекелеген қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Жекелеген қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Ұйымды таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

### ***Аудитордың жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі***

Біздің мақсатымыз жекелеген қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы жекелеген қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған жекелеген қаржылық есептілік нысандарының елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;



**Building a better  
working world**

- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде жекелеген қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ жекелеген қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ жекелеген қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалардың назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, солармен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

**„Эрнст энд Янг“ ЖШС**

Динара Малаева  
Аудитор

Аудитордың 2016 жылғы 25 ақпандағы  
№ МФ-0000323 біліктілік куәлігі

Рустамжан Саттаров  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде  
берген сериясы МФЮ-2 № 0000003  
болатын Қазақстан Республикасының  
аумағында аудиторлық қызметпен  
айналысуға арналған мемлекеттік  
лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,  
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты


2022 жылғы 9 наурыз

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
<b>Активтер</b>			
<b>Айналымнан тыс активтер</b>			
Негізгі құралдар	5	15.840.138	17.565.846
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	6	481.054	500.248
Материалдық емес активтер	7	65.850	83.377
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	8	216.900	211.455
Басқа да айналымнан тыс активтер		35.883	42.397
		<b>16.639.825</b>	<b>18.403.323</b>
<b>Айналымдағы активтер</b>			
Қорлар	9	149.631	177.949
Пайда салығы бойынша алдын ала төлем		1.468.810	1.429.131
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	10	1.720.880	8.020.296
Басқа да айналымдағы активтер	11	900.408	2.746.938
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	8	774.927	1.596.457
Ақша қаражаты мен оның баламалары	12	2.328.570	3.699.966
		<b>7.343.226</b>	<b>17.670.737</b>
<b>Активтердің жиыны</b>		<b>23.983.051</b>	<b>36.074.060</b>
<b>Капитал және міндеттемелер</b>			
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	13	11.575.721	11.575.721
Бөлінбеген пайда		9.523.374	15.756.338
<b>Капитал жиыны</b>		<b>21.099.095</b>	<b>27.332.059</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Резервтер		43.564	50.077
Пайдаға салынатын кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	24	1.197.787	2.909.229
		<b>1.241.351</b>	<b>2.959.306</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Жалдау бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	14	254	1.003.019
Операциялық жалдау үшін алынған қысқа мерзімді аванстар		-	6.806
Шарт бойынша міндеттемелер	15	169.715	27.549
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	16	1.320.937	4.093.198
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	17	151.699	652.123
		<b>1.642.605</b>	<b>5.782.695</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>2.883.956</b>	<b>8.742.001</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер жиыны</b>		<b>23.983.051</b>	<b>36.074.060</b>

Бас директордың м.а.



Р.Т. Сүлейменов

Бас бухгалтер

А.О. Бекжанова


1-29 бет аралығында ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2021 жыл	2020 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	18	4.491.635	14.806.213
Жалға беруден түскен кіріс	19	4.914.433	14.896.843
<b>Түсім</b>		<b>9.406.068</b>	<b>29.703.056</b>
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	20	(8.698.979)	(12.943.229)
<b>Жалпы пайда</b>		<b>707.089</b>	<b>16.759.827</b>
Жалпы және әкімшілік шығыстар	21	(4.368.894)	(2.158.892)
Өткізу шығыстары		-	(25.690)
Құнсыздану залалы	5, 6	(4.452.723)	(10.491.086)
Басқа да операциялық кірістер	22	1.359.565	515.889
Басқа да операциялық шығыстар	22	(1.003.774)	(181.382)
<b>Операциялық (зиян)/пайда</b>		<b>(7.758.737)</b>	<b>4.418.666</b>
Қаржылық кірістер	23	40.045	104.738
Қаржылық шығыстар	23	(19.821)	(253.367)
Бағамдық айырма, нетто		119.640	254.724
Дивидендтер бойынша кірістер		11.413	1.727.806
<b>Салық салынғанға дейінгі (зиян)/пайда</b>		<b>(7.607.460)</b>	<b>6.252.567</b>
Пайда салығы бойынша үнемділік/(шығыс)	24	1.374.496	(1.808.779)
<b>Бір жылғы (зиян)/пайда</b>		<b>(6.232.964)</b>	<b>4.443.788</b>
<b>Салықтар шегерілген жылғы жиынтық (зиянның)/кірістің жиыны</b>		<b>(6.232.964)</b>	<b>4.443.788</b>

Бас директордың м.а.



Р.Г. Сулейменов

Бас бухгалтер

А.О. Бекжанова



## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП


2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2021 жыл	2020 жыл
<b>Операциялық қызмет</b>			
Сатып алушылардан түскен ақша түсімдері		14.331.660	19.891.765
Өнім жеткізушілерге ақшалай төлемдер		(11.012.127)	(13.553.490)
Жұмыскерлерге ақшалай төлемдер		(1.034.955)	(1.205.302)
Бюджетке ақша төлемдері және басқасы		(324.892)	(3.273.173)
Эскроу шоттан ақша қаражатын аудару		-	512.507
Алынған пайыздар		94.785	67.416
Төленген пайыздар	14	(44.805)	(788.053)
Төленген пайда салығы		(567.546)	(2.370.060)
<b>Операциялық қызметтен түскен/(пайдаланылған) таза ақша ағындары</b>		<b>1.442.120</b>	<b>(718.390)</b>
<b>Инвестициялық қызмет</b>			
Негізгі құралдарды және басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан түсетін түсім		392.483	5.648.365
Алынған дивидендтер		11.413	86.072
Материалдық емес активтерді сатып алу		(6.501)	(23.411)
Негізгі құралдарды сатып алу		(3.108.637)	(89.935)
Банк салымдарын қайтару		850.185	-
<b>Инвестициялық қызметте (пайдаланылған)/алынған таза ақша ағындары</b>		<b>(1.861.057)</b>	<b>5.621.091</b>
<b>Қаржылық қызмет</b>			
Қаржылық жалдау бойынша өтеу	14	(983.127)	(4.070.602)
Кепілдік бойынша міндеттемелерді өтеу	14	-	(1.383.084)
<b>Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары</b>		<b>(983.127)</b>	<b>(5.453.686)</b>
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі/(азаяуы)</b>		<b>(1.402.064)</b>	<b>(550.985)</b>
Ақша қаражаты мен оның баламаларына таза бағамдық айырма		30.668	629.783
1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары		3.699.966	3.621.168
<b>31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	12	<b>2.328.570</b>	<b>3.699.966</b>

### АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР – АҚПАРАТТЫ ҚОСЫМША АШЫП КӨРСЕТУ

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Компания, табыс салығы бойынша алдын ала төлеммен бірге 201.421 мың теңге сомада (2020 жылғы 31 желтоқсан: 0 теңге) жеке табыс салығын, әлеуметтік салық пен қосылған құн салығын қоса алғанда, төленуге жататын салықтарды өзара есепке алды.

Бас директордың м.а.



Р.Г. Сүлейменов

Бас бухгалтер

А.О. Бекжанова


1-29 бет аралығында ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

<i>Мың теңгемен</i>	Жарғылық капитал	Бөлінбеген пайда	Жиыны
<b>2020 жылғы 1 қаңтарға</b>	11.575.721	11.312.550	22.888.271
Бір жылғы пайда	-	4.443.788	4.443.788
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	4.443.788	4.443.788
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға</b>	11.575.721	15.756.338	27.332.059
Бір жылғы зиян	-	(6.232.964)	(6.232.964)
Бір жылғы жиынтық залал	-	(6.232.964)	(6.232.964)
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>11.575.721</b>	<b>9.523.374</b>	<b>21.099.095</b>

Бас директордың м.а.



Р.Г. Сүлейменов

Бас бухгалтер

А.О. Бекжанова

